Жаһандық және ұлттық үрдістерді салыстыру. Жаһандық және ұлттық деректерді салыстыру ұқсас үлгілерді анықтады: пандемияға дейінгі кезеңде антибиотиктерді тұтынудың жоғары базалық деңгейі, 2020-2021 жылдары тағайындау құрылымының Watch санатындағы антибиотиктер жағына айқын ығысуы және 2022–2024 жылдары көрсеткіштердің ішінара тұрақтануы. Сонымен қатар, жаһандық деңгейде де, Қазақстан Республикасында да басым бактериалдық патогендер бойынша төзімділіктің жоғары үлесі сақталды [1,9,12].

Талқылау

Халықаралық және ұлттық деректерді салыстыру COVID-19 пандемиясының антибактериалды терапия тәжірибесі мен антимикробтық резистенттілік динамикасында маңызды бетбұрыс кезең болғанын көрсетеді. COVID-19 бар пациенттерде расталған бактериялық қосалқы инфекциялардың жиілігі төмен болғанына қарамастан, клиникалық тәжірибеде антибиотиктерді жаппай тағайындау сақталды, бұл бактериялық популяцияларға селективті қысымның күшеюіне және төзімді штамдардың таралуына ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді [23,24].

Қазақстан Республикасы үшін де ұқсас үрдіс тән: 2020 жылы антибиотиктерді тұтынудың күрт өсуі, 2021–2022 жылдары жоғары деңгейдің сақталуы және құрылымның кең спектрлі препараттар жағына ығысуы байқалды. Модельдік бағалаулар антибиотиктерді қолдану саясаты бойынша мақсатты шаралар болмаған жағдайда бұл өзгерістердің тұрақтанып қалу қаупін көрсетеді. Аталған үрдістер пандемияның екінші жылында инфекциялық бақылау көрсеткіштерінің төмендеуі мен ауруханаішілік инфекциялардың өсуін сипаттайтын халықаралық деректермен сәйкес келеді [25].

Анықталған өзгерістер тек тағайындаулардың жалпы көлемінің артуымен ғана емес, тұтыну құрылымының трансформациясымен де сипатталды. Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, Watch санатына жататын макролидтер, III буын цефалоспориндер және респираторлық фторхинолондардың үлесінің артуы байқалды. Пандемияның бастапқы кезеңінде бұған жекелеген антибактериалды препараттардың, әсіресе азитромициннің, ықтимал вирусқа қарсы немесе иммуномодуляторлық әсері туралы болжамдар ықпал етті, алайда бұл кейін рандомизацияланған клиникалық зерттеулерде расталмады [26]. Дегенмен, клиникалық тәжірибенің инерциясы, бактериялық және вирустық инфекцияларды жедел ажырату мүмкіндігінің шектеулілігі, сондай-ақ микробиологиялық зерттеулердің қолжетімділігінің төмендігі эмпирикалық тағайындаулардың жоғары деңгейін сақтап тұрды.

Қосымша факторлар ретінде стационарлардың шамадан тыс жүктелуі, жоспарлы зертханалық қызметтің жұмысының бұзылуы және ауыр пациенттерде эмпирикалық терапияға көрсеткіштердің кеңеюі әсер етті. Жаһандық деңгейде бұл 2020-2022 жылдары кейбір антибиотиктер кластарын сатудың өсуімен қатар жүрді, бұл фармацевтикалық деректерді талдау нәтижелерінде көрсетілген [17].

Жалпы алғанда, аталған факторлар тұтыну құрылымының Watch санатындағы препараттар жағына тұрақты ығысуын, ал бірқатар стационарларда Reserve санатындағы антибиотиктердің біртіндеп қолданылуын түсіндіруге мүмкіндік береді, бұл антимикробтық резистенттіліктің қалыптасуы тұрғысынан елеулі қауіп ретінде қарастырылады.

COVID-19 пандемиясы стационар жағдайындағы инфекциялық бақылау жүйесінің әлсіз тұстарын айқын көрсетті. Кереуеттік қорды қайта бейіндеу, медициналық персонал мен жеке қорғаныс құралдарының тапшылығы, сондай-ақ ауыр ағымдағы пациенттерде инвазивті араласулардың жиі жүргізілуі MRSA, VRE және басқа да төзімді патогендерден туындаған инфекцияларды қоса алғанда, екіншілік нозокомиалдық инфекциялардың даму қаупін арттыруы ықтимал болды. АҚШ-тың ұлттық эпидемиологиялық қадағалау жүйесінің деректеріне сәйкес, 2020 жылы және одан кейінгі кезеңде медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар көрсеткіштерінің айтарлықтай өсуі тіркелді, бұл олардың көпжылдық төмендеу үрдісінен кейін байқалды [25]. Мұндай

ұйымдастырушылық және клиникалық факторлар, госпитализация ұзақтығының артуымен бірге, антибактериалды терапияның спектрі мен ұзақтығын кеңейтуге ықпал етіп, селективті қысымды күшейтіп, төзімділіктің қалыптасуын жеделдетуі мүмкін болды.

Практикалық маңызы

Алынған нәтижелер ұлттық денсаулық сақтау жүйесі үшін тікелей қолданбалы маңызға ие. Біріншіден, клиникалық хаттамаларды жаңарту, терапияны деэскалациялаудың жергілікті алгоритмдерін енгізу және антибактериалды емдеу курстарының ұзақтығын жүйелі түрде аудиттеу арқылы стационарлық және амбулаториялық деңгейде Access санатындағы антибиотиктердің үлесін мақсатты түрде қалпына келтіру қажет. Антимикробтық стюардшип бағдарламаларының (AMS)

антибиотиктерді ұтымсыз қолдануды азайтудағы және төзімділіктің өсу қарқынын баяулатудағы тиімділігі жүйелі шолулар мен жинақталған зерттеулерде көрсетілген [27].

Екіншіден, антибиотиктерді жалпы тұтытуда амбулаториялық сектордың үлесі жоғары екенін ескере отырып, жедел респираторлық вирустық инфекциялар кезінде диагностикалық алгоритмдердің маңызы зор. Оған клиникалық негізделген жағдайларда жедел биомаркерлерді (С-реактивті ақуыз, прокальцитонин және т.б.) ұтымды пайдалану, сондай-ақ рецепттік бақылауды күшейту жатады, бұл «профилактикалық» және негізсіз тағайындауларды азайтуға мүмкіндік береді [28]. Сонымен қатар, One Health тұжырымдамасы аясында сектораралық қадағалаудағы алшақтықтарды жою қажет, оның ішінде денсаулық сақтау, ветеринария, агроөнеркәсіптік сектор және экологиялық мониторинг арасындағы көрсеткіштерді үйлестіру, бұл «Біртұтас денсаулық» бойынша 2022-2026 жылдарға арналған Бірлескен іс-қимыл жоспарының қағидаларына сәйкес келеді [29].

Жалпы алғанда, COVID-19 пандемиясы антибиотиктерді қолданудағы қолайсыз үрдістердің катализаторы болды: инфекциялық бақылаудың әлсіреуі мен диагностикадағы кідірістер жағдайында тағайындалатын препараттар көлемінің артуы және спектрінің кеңеюі микроорганизмдерге селективті қысымды күшейтті. Сонымен бірге бұл үрдістердің сақталуы міндетті емес. Антимикробтық стюардшиптің мақсатты бағдарламаларын іске асыру, қадағалау жүйелерін қалпына келтіру және сектораралық үйлестіру антибиотиктерді тұтыну құрылымын қауіпсіз профильге қайта келтіруге және антимикробтық резистенттілік динамикасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің шектеулері

Бұл шолудың бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, ол алдын ала тіркелген жүйелі шолу емес, сондықтан дереккөздерді іріктеу және жарияланымдық ығысу тәуекелін

толық жоққа шығару мүмкін емес. Екіншіден, іздеу PubMed, Web of Science және Google Scholar дерекқорларымен шектелді; Google Scholar нәтижелерінің қайталанғыштығы төмен, ал тәуелсіз қосарланған скрининг пен деректерді алу рәсімі құжатталмаған. Үшіншіден, барлық дизайндарға бірыңғай формальды risk-of-bias бағалауы қолданылмады. Төртіншіден, DDD, DID, AWaRe үлестері, патогендер, клиникалық орталар және қадағалау анықтамалары бойынша айқын гетерогенділік сандық біріктіруге мүмкіндік бермеді. Бесіншіден, Қазақстан бойынша АМР деректері фрагментарлы, ал стационарлық Reserve-спецификалық көрсеткіштер шектеулі. Сондықтан анықталған қатар жүретін үрдістерді тікелей себеп-салдарлық байланыс ретінде түсіндіруге болмайды.

Қорытынды

Жүргізілген талдау пандемияға дейінгі және әсіресе пандемия кезеңінде антибиотиктерді тұтыну құрылымының кең спектрлі препараттарға, негізінен Watch санатына қарай ығысқанын көрсетті, сонымен қатар стационар жағдайында бірқатар дереккөздерде Reserve санатындағы

антибиотиктерді қолданудың өсу үрдісі сипатталған. Бұл өзгерістер жаһандық деңгейде де, Қазақстан Республикасында да басым бактериалдық патогендер арасында антимикробтық резистенттіліктің тұрақты жоғары деңгейімен қатар жүрді.

COVID-19 пандемиясы анықталған қолайсыз үрдістердің ықтимал катализаторы ретінде көрінді, себебі эмпирикалық антибактериалды терапияның кеңеюі және стационарларда инфекциялық бақылаудың әлсіреуі селективті қысымның күшеюімен қатар жүрді. Алынған деректер антибиотиктерді, әсіресе «соңғы резерв» препараттарын ұтымсыз қолдану олардың тиімділігін жоғалту қаупін арттыратынын көрсетеді.

Осыған байланысты антимикробтық стюардшипті күшейту, Access санатындағы антибиотиктердің үлесін қалпына келтіру және антимикробтық резистенттілікке эпидемиологиялық қадағалауды дамыту бойынша жүйелі шаралар басым бағытқа айналады. Аталған тәсілдерді іске асыру постпандемиялық кезеңде АМР динамикасын тұрақтандыруға және денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын арттыруға ықпал етуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР / REFERENCES

- 1 World Health Organization. Antimicrobial resistance [Internet]. Geneva: World Health Organization; [cited 2025 Oct 6]. Available from: <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/antimicrobial-resistance>
- 2 Antimicrobial Resistance Collaborators. Global burden of bacterial antimicrobial resistance in 2019: a systematic analysis. Lancet. 2022;399(10325):629-655. doi:10.1016/S0140-6736(21)02724-0.
- 3 O'Neill J. Tackling drug-resistant infections globally: final report and recommendations. London: Review on Antimicrobial Resistance; 2016. 84 p.
- 4 World Health Organization. WHO reports widespread overuse of antibiotics in patients hospitalized with COVID-19 [Internet]. Geneva: World Health Organization; 2024 Apr 26 [cited 2025 Oct 7]. Available from: <https://www.who.int/news/item/26-04-2024-who-reports-widespread-overuse-of-antibiotics-in-patients--hospitalized-with-covid-19>
- 5 Langford BJ, So M, Raybardhan S, Leung V, Soucy JPR, Westwood D, et al. Antibiotic prescribing in patients with COVID-19: rapid review and meta-analysis. Clin Microbiol Infect. 2021;27(4):520-531. doi:10.1016/j.cmi.2020.12.018.
- 6 Centers for Disease Control and Prevention. COVID-19 and antimicrobial resistance [Internet]. Atlanta (GA): CDC; 2025 Feb 5 [cited 2025 Oct 7]. Available from: <https://www.cdc.gov/antimicrobial-resistance/data-research/threats/COVID-19.html>
- 7 United Nations General Assembly. Political declaration of the High-Level Meeting on Antimicrobial Resistance. Resolution 79/2. New York: United Nations; 2024.

- 8 Organisation for Economic Co-operation and Development. Embracing a One Health framework to fight antimicrobial resistance. Paris: OECD Publishing; 2023. doi:10.1787/ce44c755-en.
- 9 Semenova Y, Yergaliyeva A, Aimurziyeva A, Manatova A, Kuntuganova A, Makalkina L, et al. A nationwide evaluation of antibiotic consumption in Kazakhstan from 2019 to 2023. *Antibiotics (Basel)*. 2024;13(12):1123. doi:10.3390/antibiotics13121123.
- 10 Semenova Y, Kassym L, Kussainova A, Aimurziyeva A, Makalkina L, Avdeyev A, et al. Knowledge, attitudes, and practices towards antibiotics, antimicrobial resistance, and antibiotic consumption in the population of Kazakhstan. *Antibiotics (Basel)*. 2024;13(8):718. doi:10.3390/antibiotics13080718.
- 11 Ministry of Healthcare of the Republic of Kazakhstan. Roadmap for containing antimicrobial resistance in the Republic of Kazakhstan for 2023-2027. Astana: Ministry of Healthcare of the Republic of Kazakhstan; 2022. [In Russian and Kazakh].
- 12 Klein EY, Impalli I, Poleon S, Denoel P, Cipriano M, Van Boeckel TP, et al. Global trends in antibiotic consumption during 2016-2023 and future projections through 2030. *Proc Natl Acad Sci U S A*. 2024;121(49):e2411919121. doi:10.1073/pnas.2411919121.
- 13 World Health Organization. 2019 WHO AWaRe classification database of antibiotics for evaluation and monitoring of use [Internet]. Geneva: World Health Organization; 2019 [cited 2025 Oct 3]. Available from: <https://www.who.int/publications/i/item/WHOEMPIAU2019.11>
- 14 World Health Organization. Global antimicrobial resistance and use surveillance system (GLASS) report: 2022. Geneva: World Health Organization; 2022.
- 15 Papst L, Luzzati R, Carević B, Tascini C, Gorišek Miksić N, Vlahović Palčevski V, et al. Antimicrobial use in hospitalised patients with COVID-19: an international multicentre point-prevalence study. *Antibiotics (Basel)*. 2022;11(2):176. doi:10.3390/antibiotics11020176.
- 16 Lastinger LM, Alvarez CR, Kofman A, Konnor RY, Kuhar DT, Nkwata A, et al. Continued increases in the incidence of healthcare-associated infection during the second year of the COVID-19 pandemic. *Infect Control Hosp Epidemiol*. 2023;44(6):997-1001. doi:10.1017/ice.2022.116.
- 17 Nandi A, Pecetta S, Bloom DE. Global antibiotic use during the COVID-19 pandemic: analysis of pharmaceutical sales data from 71 countries, 2020-2022. *EClinicalMedicine*. 2023;57:101848. doi:10.1016/j.eclinm.2023.101848.
- 18 Balapasheva AA, Smagulova GA, Mussina AZ, Ziganshina LE, Nurgaliyeva ZZ. Pharmacoepidemiological analysis of antibacterial agents used in a provisional hospital in Aktobe, Kazakhstan, in the context of COVID-19: a comparison with the pre-pandemic period. *Antibiotics (Basel)*. 2023;12(11):1596. doi:10.3390/antibiotics12111596.
- 19 European Centre for Disease Prevention and Control. Antimicrobial resistance in the EU/EEA (EARS-Net): annual epidemiological report 2022. Stockholm: ECDC; 2023.
- 20 Akhmetova K, Makalkina L, Pivina L, Lim L, Aukenov N, Boranbayev K, et al. Trends in 'Watch' and 'Reserve' antibiotic use in primary care in Kazakhstan: the imperative for enhancing stewardship strategies. *Antibiotics (Basel)*. 2025;14(10):963. doi:10.3390/antibiotics14100963.
- 21 Balapasheva AA, Smagulova GA, Mussina AZ, Dilmagambetov DS, Yermekbayeva KZ, Kelimberdiev MS, et al. Comparative assessment of antibacterial drugs used at the hospital level before and during COVID-19, according to the WHO AWaRe classification. *Front Pharmacol*. 2025;16:1642830. doi:10.3389/fphar.2025.1642830.
- 22 Food and Agriculture Organization of the United Nations, United Nations Environment Programme, World Health Organization, World Organisation for Animal Health. Tracking AMR country self-assessment survey (TrACSS): Kazakhstan [Internet]. [cited 2025 Oct 6]. Available from: <https://new.amrcountryprogress.org/country/kazakhstan/responses/>
- 23 Rawson TM, Wilson RC, Holmes A. Understanding the role of bacterial and fungal infection in COVID-19. *Clin Microbiol Infect*. 2021;27(1):9-11. doi:10.1016/j.cmi.2020.09.025.
- 24 Vaughn VM, Gandhi TN, Petty LA, Patel PK, Prescott HC, Malani AN, et al. Empiric antibacterial therapy and community-onset bacterial coinfection in patients hospitalized with

COVID-19: a multi-hospital cohort study. Clin Infect Dis. 2021;72(10):e533-e541. doi:10.1093/cid/ciaa1239.

25 Weiner-Lastinger LM, Pattabiraman V, Konnor RY, Patel PR, Wong E, Xu SY, et al. The impact of coronavirus disease 2019 (COVID-19) on healthcare-associated infections in 2020: a summary of data reported to the National Healthcare Safety Network. Infect Control Hosp Epidemiol. 2022;43(1):12-25. doi:10.1017/ice.2021.362.

26 RECOVERY Collaborative Group. Azithromycin in patients admitted to hospital with COVID-19 (RECOVERY): a randomised, controlled, open-label, platform trial. Lancet. 2021;397(10274):605-612. doi:10.1016/S0140-6736(21)00149-5.

27 Davey P, Marwick CA, Scott CL, Charani E, McNeil K, Brown E, et al. Interventions to improve antibiotic prescribing practices for hospital inpatients. Cochrane Database Syst Rev. 2017;2(2):CD003543. doi:10.1002/14651858.CD003543.pub4.

28 Aabenhuis R, Jensen JUS, Jørgensen KJ, Hróbjartsson A, Bjerrum L. Biomarkers as point-of-care tests to guide prescription of antibiotics in patients with acute respiratory infections in primary care. Cochrane Database Syst Rev. 2014;(11):CD010130. doi:10.1002/14651858.CD010130.pub2.

29 Food and Agriculture Organization of the United Nations, United Nations Environment Programme, World Health Organization, World Organisation for Animal Health. One Health joint plan of action (2022-2026): working together for the health of humans, animals, plants and the environment. Rome: FAO; 2022. 86 p. doi:10.4060/cc2289en.

ДЕКЛАРАЦИЯЛАР

Этикалық мақұлдау және зерттеуге қатысуға келісім

Шолу тек жарияланған жинақталған деректерге негізделді және пациенттермен немесе зерттеуге қатысушылармен тікелей өзара әрекеттесуді, биологиялық материалды пайдалануды немесе дербес деректерді өңдеуді көздеген жоқ. Осыған байланысты жергілікті этика комитетінің мақұлдауы және ақпараттандырылған келісім алу талап етілмеді.

Жариялауға келісім

Қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Авторлар клиникалық араласу жүргізген жоқ. Қолжазбада қауіпсіздік мәселелері антибиотиктерді негізсіз қолданудан туындайтын селективті қысым, Reserve препараттарының тиімділігін жоғалту қаупі, медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекциялар және инфекциялық бақылаудың ұйымдастырушылық шектеулері тұрғысынан талданды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар жариялауды талап ететін мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Қаржыландыру

Зерттеу мемлекеттік, коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымдардан мақсатты қаржыландыру алған жоқ.

Деректердің қолжетімділігі

Нарративтік синтез үшін пайдаланылған барлық деректер мақала мәтінінде және сілтеме жасалған жарияланымдарда қамтылған. Осы шолу аясында бастапқы деректердің жеке жалпыға қолжетімді жиынтығы жасалған жоқ.

Авторлардың үлесі:

Ш.М. Мойынбаева - зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу; әдіснама; зерттеу жүргізу; деректерді басқару; формалды талдау; қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындау; қолжазбаны қайта қарау және редакциялау.

Ә. Атымтайқызы - әдіснама; зерттеу жүргізу; деректерді басқару; формалды талдау; қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындау.

А.М. Асан - әдіснама; нәтижелерді валидациялау; ғылыми жетекшілік; қолжазбаны қайта қарау және редакциялау.

А.М. Анарбек - зерттеу жүргізу; деректерді басқару; визуализация; қолжазбаны қайта қарау және редакциялау.

Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапкершілік алуға келісті.

ДЕКЛАРАЦИИ

Этическое одобрение и согласие на участие

Обзор основан исключительно на опубликованных агрегированных данных и не предусматривал взаимодействия с пациентами или участниками исследований, использования биологического материала либо обработки персональных данных. В связи с этим одобрение локального этического комитета и получение информированного согласия не требовались.

Безопасность

Авторы не проводили клинических вмешательств. Вопросы безопасности анализировались с учетом селективного давления при необоснованном применении антибиотиков, риска утраты эффективности препаратов категории Reserve, инфекций, связанных с оказанием медицинской помощи, и организационных ограничений инфекционного контроля.

Конфликт интересов

Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов, требующего раскрытия.

Финансирование

Исследование не получало целевого финансирования со стороны государственных, коммерческих или некоммерческих организаций.

Доступность данных

Все данные, использованные для нарративного синтеза, содержатся в тексте статьи и цитируемых публикациях. Отдельный общедоступный набор первичных данных в рамках настоящего обзора не создавался.

Вклад авторов

Ш.М. Мойынбаева - разработка концепции исследования; методология; проведение исследования; курирование данных; формальный анализ; подготовка первоначального варианта рукописи; рецензирование и редактирование рукописи.

А. Атымтайкызы - методология; проведение исследования; курирование данных; формальный анализ; подготовка первоначального варианта рукописи.

А.М. Асан - методология; валидация; научное руководство; рецензирование и редактирование рукописи.

А.М. Анарбек - проведение исследования; курирование данных; визуализация; рецензирование и редактирование рукописи.

Все авторы прочитали и одобрили окончательную версию рукописи и согласились нести ответственность за все аспекты работы.

DECLARATIONS

Ethics approval and consent to participate

This review was based exclusively on published aggregate data and did not involve direct interaction with patients or research participants, the use of biological materials, or the processing of personal data. Therefore, local ethics committee approval and informed consent were not required.

Consent for publication

Not applicable.

Safety considerations

The authors conducted no clinical interventions. Safety was analyzed in terms of selection pressure from inappropriate antibiotic use, the risk of losing the effectiveness of Reserve agents, healthcare-associated infections, and organizational limitations of infection prevention and control.

Conflict of interest

The authors declare no conflicts of interest requiring disclosure.

Funding

This study received no targeted funding from governmental, commercial, or nonprofit organizations.

Data availability

All data used in the narrative synthesis are contained in the manuscript and the cited publications. No separate publicly available primary dataset was generated for this review.

Author contributions:

Sh.M. Moiynbayeva - Conceptualization; Methodology; Investigation; Data curation; Formal analysis; Writing - original draft; Writing - review and editing.

A. Atymtaiqyzy - Methodology; Investigation; Data curation; Formal analysis; Writing - original draft.

A.M. Asan - Methodology; Validation; Supervision; Writing - review and editing.

A.M. Anarbek - Investigation; Data curation; Visualization; Writing - review and editing.

All authors read and approved the final version of the manuscript and agreed to be accountable for all aspects of the work.

Авторлар туралы мәліметтер:

Әсем Атымтайқызы - «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстан медицина университетінің 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан; e-mail: atymtaiqyzy@gmail.com; тел.: +7 707 157 7273; ORCID: 0009-0001-1008-6819. Хат-хабар алмасуға жауапты автор.

Шарапат Маркашқызы Мойынбаева - PhD, PostDoc, «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстан медицина университетінің Ғылым және консалтинг департаментінің директоры, Алматы, Қазақстан; e-mail: sh.moiynbayeva@ksph.kz; ORCID: 0000-0003-1720-5064.

Маздақ Асқарұлы Асан - «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстан медицина университетінің 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан; e-mail: assenmazdaq@mail.ru; тел.: +7 708 670 1097; ORCID: 0000-0001-8795-7670.

Асқар Мұратәліұлы Анарбек - «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстан медицина университетінің 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан; e-mail: askar.anarbek@mail.ru; тел.: +7 707 858 3175; ORCID: 0009-0003-8206-703X.

Сведения об авторах:

Атымтайқызы Әсем - магистрант 1-го курса Казахстанского медицинского университета «Высшая школа общественного здравоохранения», Алматы, Казахстан; e-mail: atymtaiqyzy@gmail.com; тел.: +7 707 157 7273; ORCID: 0009-0001-1008-6819. Автор, ответственный за корреспонденцию.

Мойынбаева Шарапат Маркашқызы - PhD, PostDoc, директор Департамента науки и консалтинга Казахстанского медицинского университета «Высшая школа общественного здравоохранения», Алматы, Казахстан; e-mail: sh.moiynbayeva@ksph.kz; ORCID: 0000-0003-1720-5064.

Асан Маздақ Асқарұлы - магистрант 1-го курса Казахстанского медицинского университета «Высшая школа общественного здравоохранения», Алматы, Казахстан; e-mail: assenmazdaq@mail.ru; тел.: +7 708 670 1097; ORCID: 0000-0001-8795-7670.

Анарбек Аскар Мураталиулы - магистрант 1-го курса Казахстанского медицинского университета «Высшая школа общественного здравоохранения», Алматы, Казахстан; e-mail: askar.anarbek@mail.ru; тел.: +7 707 858 3175; ORCID: 0009-0003-8206-703X.

Information about the authors

Assem Atymtaikyzy - first-year Master's student, Kazakhstan Medical University "Higher School of Public Health", Almaty, Kazakhstan; e-mail: atymtaiqyzy@gmail.com; tel.: +7 707 157 7273; ORCID: 0009-0001-1008-6819. Corresponding author.

Sharapat Markashkyzy Moiynbayeva - PhD, PostDoc, Director of the Department of Science and Consulting, Kazakhstan Medical University "Higher School of Public Health", Almaty, Kazakhstan; e-mail: sh.moiynbayeva@ksph.kz; ORCID: 0000-0003-1720-5064.

Mazdaq Askaruly Asan - first-year Master's student, Kazakhstan Medical University "Higher School of Public Health", Almaty, Kazakhstan; e-mail: assenmazdaq@mail.ru; tel.: +7 708 670 1097; ORCID: 0000-0001-8795-7670.

Askar Murataliuly Anarbek - first-year Master's student, Kazakhstan Medical University "Higher School of Public Health", Almaty, Kazakhstan; e-mail: askar.anarbek@mail.ru; tel.: +7 707 858 3175; ORCID: 0009-0003-8206-703X.

Мақала түсті: 20.02.2026
Мақала қабылданды: 02.03.2026
ӘОЖ: 614.2:616-08
DOI: [10.24412/1609-8692-2026-1-26-37](https://doi.org/10.24412/1609-8692-2026-1-26-37)

Мақала түрі: Құрылымдалған нарративтік шолу

ПАЦИЕНТТЕРДІ ТҮСТІК КОД БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ СҰРЫПТАУ (TRIAGE): ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІНДЕГІ СҰРЫПТАУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ МЕН ПАЦИЕНТТЕРДІҢ БОЛУ ҰЗАҚТЫҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Мойынбаева Ш.М. ¹, Асан А.М. ^{1*}, Атымтайқызы Ә. ¹, Анарбек А.М. ¹, Каратаев М.М. ²

¹ Қазақстандық медицина университеті «ҚДСЖМ», Алматы, Қазақстан

² И.К. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясы, Бішкек, Қырғызстан

* Хат-хабар алмасуға жауапты автор

Кіріспе. Шұғыл медициналық көмек бөлімдерінің шамадан тыс жүктелуі күту уақытының ұзаруымен, диагностика мен емнің кешігуімен және пациент қауіпсіздігіне қауіптің артуымен байланысты. Тriage пациенттерді шұғылдық дәрежесіне қарай басымдықпен сұрыптаудың негізгі механизмі болып табылады, алайда оның нәтижелілігі клиникалық, ұйымдастырушылық және технологиялық жағдайларға тәуелді.

Мақсаты. 2021–2026 жылдардағы заманауи жарияланымдарды талдау негізінде қабылдау бөлімдеріндегі triage тиімділігі мен сұрыптау жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және олардың шамадан тыс жүктелумен, пациенттердің болу ұзақтығымен және қауіпсіздік нәтижелерімен байланысын сипаттау.

Материалдар мен әдістер. PubMed, Scopus, Cochrane Library және Google Scholar дерекқорларында құрылымдалған іздеу жүргізілген аналитикалық нарративтік шолу орындалды. Негізгі іздеу 2021–2026 жылдардағы жарияланымдарға бағытталды; тақырып үшін әдіснамалық маңызы бар жекелеген ертерек жұмыстар контекст ретінде сақталды. Түпнұсқа зерттеулер, жүйелі шолулар және мета-талдаулар енгізілді. Қорытынды сапалық синтезге 46 жарияланым кірді.

Нәтижелер. Triage жылдамдығы мен пациенттердің болу ұзақтығына әсер ететін бес факторлар тобы анықталды: пациент сипаттамалары; уақыттық және экологиялық жағдайлар; ұйымдастырушылық ресурстар; диагностикалық-емдік үдерістер; түсу және маршрутизация тәсілі. Шамадан тыс жүктелу ұзақ болумен, кешігулермен және қолайсыз нәтижелермен байланысты болды. Машиналық оқыту мен үлкен тілдік модельдер шешімдерді қолдауға әлеуетті, бірақ қолда бар деректер оларды тәжірибелі маманның бағасын алмастырушы емес, қосымша құрал ретінде қарастыруды қолдайды.

Талқылау. Жинақталған деректер triage нәтижелерін бір ғана шкала немесе алгоритм анықтамайтынын көрсетеді. Клиникалық бағалау сапасы кадрлық қамтамасыз етуге, төсек-орын қолжетімділігіне, консультациялар мен зерттеулердің жылдамдығына, пациент ағынына және технологияларды қауіпсіз енгізуге тәуелді. Дәлелдердің басым бөлігі бақылаулық және әдіснамалық тұрғыдан әртекті болғандықтан, анықталған байланыстарды тікелей себеп-салдарлық әсер ретінде түсіндіруге болмайды.

Қорытынды. Triageды жетілдіру стандартталған алгоритмдерді, персоналды даярлауды, бөлім ішіндегі үдерістерді және аурухана деңгейіндегі өткізу қабілетін бір мезгілде оңтайландыруды талап етеді. Цифрлық шешімдер клиникалық шешім қабылдауды толықтыруы тиіс. Нәтижелер жергілікті контексте проспективті зерттеулер жүргізу және бірыңғай операциялық көрсеткіштерді енгізу қажеттігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: шұғыл медициналық көмек; triage; қабылдау бөлімі; шамадан тыс жүктелу; болу ұзақтығы; пациент қауіпсіздігі; машиналық оқыту; жасанды интеллект; медициналық қызмет сапасы.

СИСТЕМА МЕДИЦИНСКОЙ СОРТИРОВКИ ПАЦИЕНТОВ ПО ЦВЕТОВОМУ КОДУ (TRIAGE): ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА СКОРОСТЬ СОРТИРОВКИ И ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТЬ ПРЕБЫВАНИЯ В ОТДЕЛЕНИИ НЕОТЛОЖНОЙ ПОМОЩИ

Мойынбаева Ш.М. ¹, Асан А.М. ^{1*}, Атымтайқызы Ә. ¹, Анарбек А.М. ¹, Каратаев М.М. ²

¹ Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», Алматы, Казахстан

² Кыргызская государственная медицинская академия имени И.К. Ахунбаева,
Бішкек, Кыргызстан

* Автор, ответственный за корреспонденцию

Введение. Перегрузка отделений неотложной помощи связана с увеличением времени ожидания, задержками диагностики и лечения и рисками для безопасности пациентов. Triage является основным механизмом приоритетной сортировки по срочности, однако его результативность зависит от клинических, организационных и технологических условий.

Цель. На основании публикаций 2021–2026 гг. определить факторы, влияющие на эффективность и скорость триажа в отделениях неотложной помощи, и охарактеризовать их связь с перегрузкой, продолжительностью пребывания и показателями безопасности.

Материалы и методы. Выполнен структурированный нарративный обзор с поиском в PubMed, Scopus, Cochrane Library и Google Scholar. Основной поиск охватывал публикации 2021–2026 гг.; отдельные более ранние методологически значимые работы сохранены для контекста. Включали оригинальные исследования, систематические обзоры и метаанализы. В итоговый качественный синтез вошло 46 публикаций.

Результаты. Выделены пять групп факторов: характеристики пациента; временные и средовые условия; организационные ресурсы; диагностико-лечебные процессы; способ поступления и маршрутизация. Перегрузка была связана с увеличением продолжительности пребывания, задержками и неблагоприятными исходами. Модели машинного обучения и большие языковые модели имеют потенциал поддержки решений, но имеющиеся данные не позволяют рассматривать их как замену экспертной оценке подготовленного медицинского персонала.

Обсуждение. Результаты показывают, что эффективность триажа не определяется одной шкалой или алгоритмом. Она зависит от кадрового обеспечения, доступности коек, своевременности консультаций и исследований, управления потоком пациентов и безопасного внедрения технологий. Из-за преобладания наблюдательных и методологически неоднородных исследований выявленные связи не следует интерпретировать как доказанные причинные эффекты.

Заключение. Совершенствование триажа требует одновременной стандартизации алгоритмов, обучения персонала, оптимизации процессов внутри отделения и повышения пропускной способности стационара. Цифровые решения должны дополнять клиническое решение. Необходимы проспективные исследования и единые операционные показатели в локальном контексте.

Ключевые слова: неотложная медицинская помощь; триаж; отделение неотложной помощи; перегрузка; продолжительность пребывания; безопасность пациента; машинное обучение; искусственный интеллект; качество медицинской помощи.

COLOR-CODED MEDICAL TRIAGE OF PATIENTS: FACTORS ASSOCIATED WITH TRIAGE SPEED AND LENGTH OF STAY IN THE EMERGENCY DEPARTMENT

Moiynbayeva Sh.M.¹, Asan A.M.^{1*}, Atymtaikyzy A.¹, Anarbek A.M.¹, Karataev M.M.²

¹ Kazakhstan Medical University “KSPH”, Almaty, Kazakhstan

² I.K. Akhunbaev Kyrgyz State Medical Academy, Bishkek, Kyrgyzstan

* Corresponding author

Introduction. Emergency department overcrowding is associated with prolonged waiting, delayed diagnosis and treatment, and patient-safety risks. Triage is the principal mechanism for prioritizing patients by urgency, but its performance depends on clinical, organizational, and technological conditions.

Objective. To identify factors associated with triage efficiency and speed in emergency departments and to describe their relationship with crowding, length of stay, and safety outcomes, based primarily on publications from 2021–2026.

Materials and Methods. A structured narrative review was conducted using PubMed, Scopus, the Cochrane Library, and Google Scholar. The main search focused on publications from 2021–2026; selected earlier methodologically relevant studies were retained for context. Original studies, systematic reviews, and meta-analyses were eligible. Forty-six publications were included in the qualitative synthesis.

Results. Five groups of factors were identified: patient characteristics; temporal and environmental conditions; organizational resources; diagnostic and treatment processes; and mode of arrival and routing. Crowding was associated with prolonged length of stay, delays, and adverse outcomes. Machine-learning and large-language models may support decisions, but current evidence favors their use as adjuncts rather than replacements for trained clinical assessment.

Discussion. Triage performance is not determined by a single scale or algorithm. It depends on staffing, bed availability, timely consultation and testing, patient-flow management, and safe technology implementation. Because the evidence is predominantly observational and methodologically heterogeneous, the reported associations should not be interpreted as established causal effects.

Conclusion. Improving triage requires simultaneous standardization of algorithms, workforce training, optimization of internal processes, and adequate hospital throughput. Digital tools should complement clinical judgment. Prospective local studies and standardized operational metrics are needed.

Keywords: emergency medical care; triage; emergency department; overcrowding; length of stay; patient safety; machine learning; artificial intelligence; healthcare quality.

Кіріспе

Жедел медициналық көмек денсаулық сақтау жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі

және медициналық қызметтермен жалпыға бірдей қамтуды қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады [1,2].

Жедел көмек бөлімдерінің шамадан тыс жүктелуі пациенттердің болу ұзақтығының ұзаруымен және өлім-жітім қаупінің артуымен байланысты болуы мүмкін [3,4]. Догоспитальдық бағалау, пациентті тасымалдау немесе тасымалдамау туралы шешім және телефондық триаж стационарға түсетін ағынға әсер ететін маңызды буындар болып табылады [5,6]. Олар ресурстарды неғұрлым ұтымды бөлуге көмектіргенімен, қауіпсіз маршруттау мен кейінгі бақылаудың нақты критерийлерін талап етеді.

Жедел көмек бөлімдеріне жиі жүгіну және ауыр науқастардың жоғары үлесі пациент ағынын күрделендіріп, бөлімде болу ұзақтығын арттыруы мүмкін [7,8]. Осыған байланысты пациент жағдайының нашарлау белгілерін уақтылы анықтау және шұғылдықты дұрыс бағалау пациент қауіпсіздігінің негізгі шарттарының бірі болып қала береді.

Триаж пациенттерді медициналық көмектің шұғылдылық дәрежесіне қарай бастапқы сұрыптау үдерісі ретінде стандартталған жүйелермен және клиникалық бағалаумен жүзеге асырылады. Ресурстары шектеулі ортаға бейімделген жүйелер, терең оқыту және машиналық оқыту модельдері триажды қолдаудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады [9–11]. Алайда олардың нәтижелілігі деректер сапасына, сыртқы валидацияға және клиникалық жұмыс үдерісіне дұрыс енгізілуіне тәуелді.

Соңғы жылдары жедел медициналық көмек бөлімдерінің шамадан тыс жүктелуі жүйелік сипатқа ие болды. Жүктемені өлшеу индекстері мен бір орталықты зерттеулер сұраныс пен қолда бар ресурстар арасындағы теңгерімсіздіктің күту уақытын және емдеу үдерісін қиындататынын көрсетеді [12,13]. Сондықтан пациенттерді сұрыптау жылдамдығына және олардың жедел медициналық көмек бөлімдерінде болу ұзақтығына әсер ететін факторларды талдау ерекше өзектілікке ие.

Зерттеудің мақсаты – жедел медициналық көмек көрсету кезінде триаж жылдамдығына және пациенттердің бөлімшеде болу ұзақтығына әсер ететін

факторларға арналған заманауи әдеби деректерді, негізінен 2021–2026 жылдардағы жарияланымдарды талдау.

Ғылыми жаңалығы

Бұл шолудың ғылыми жаңалығы клиникалық ауырлық, уақыттық жағдайлар, кадрлық және төсек-орын ресурстары, диагностикалық үдерістер, маршрутизация және цифрлық шешімдер туралы деректерді триаж жылдамдығы мен бөлімде болу ұзақтығын түсіндіретін біртұтас құрылымға біріктіруінде. Жұмыс жаңа жиынтық әсер көрсеткішін есептеуге емес, дәлелдердегі қайталанатын заңдылықтарды, әдіснамалық шектеулерді және жедел көмек жүйесін басқаруға арналған практикалық бағыттарды анықтауға арналған.

Материалдар мен әдістер

Шолу дизайны

Жұмыс құрылымдалған іздеу элементтері бар аналитикалық нарративтік шолу форматында орындалды. Зерттеулердің дизайны, клиникалық ортасы, қолданылған триаж немесе жүктеме көрсеткіштері және нәтижелері айтарлықтай әртекті болғандықтан, статистикалық біріктіру жүргізілген жоқ; деректер тақырыптық сапалық синтез арқылы қорытындыланды.

Ақпарат көздері және іздеу стратегиясы

Ғылыми жарияланымдарды іздеу PubMed, Scopus, Cochrane Library және Google Scholar дерекқорларында жүргізілді. Негізгі назар 2021–2026 жылдардағы жарияланымдарға аударылды; тақырыптың операциялық және әдіснамалық негіздерін сипаттайтын жекелеген ертерек жұмыстар контекст ретінде сақталды. Іздеу барысында “triage”, “emergency department”, “length of stay”, “emergency overcrowding”, “patient safety”, “triage systems”, “START”, “SALT”, “MTS”, “machine learning” және “artificial intelligence in triage” терминдері мен олардың комбинациялары қолданылды.

Іріктеу критерийлері

Шолуға адамдарға жүргізілген түпнұсқа зерттеулер (ретроспективті, проспективті және когорттық), жүйелі шолулар мен мета-талдаулар енгізілді. Жарияланымдар жедел көмек бөліміндегі триаж, бөлімнің шамадан тыс жүктелуі, күту уақыты, болу ұзақтығы,

маршрутизация, кадрлық және диагностикалық факторлар, пациент қауіпсіздігі немесе цифрлық шешімдерді қолдау мәселелерінің кемінде бірін бағалауы тиіс болды. Тriage бен жедел көмек үдерістеріне қатысы жоқ жұмыстар, редакциялық материалдар, жеткілікті әдістемелік немесе нәтижелік деректері жоқ жарияланымдар және толық мәтіні бағалауға қолжетімсіз мақалалар шығарылды.

Жарияланымдарды іріктеу және деректерді синтездеу

Тақырыптар мен аннотациялар бастапқы сәйкестікке бағаланып, ықтимал релевантты материалдардың толық мәтіні қаралды. Әр жарияланымнан зерттеу ортасы мен дизайны, пациенттер немесе бөлім сипаттамалары, triage және болу ұзақтығы көрсеткіштері, ұйымдастырушылық факторлар, негізгі ассоциациялар және әдіснамалық шектеулер ескерілді. Қорытынды сапалық талдауға 46 жарияланым енгізілді.

Негізгі және қосымша нәтижелер

Негізгі нәтижелер triage-ды өткізу уақытына немесе жылдамдығына және жедел көмек бөлімінде болу ұзақтығына байланысты факторлар болды. Қосымша нәтижелерге бөлімнің шамадан тыс жүктелуі, күту және диагностикалық-емдік кідірістер, госпитализация немесе ауыстыру, қайта жүгіну, қолайсыз оқиғалар, қысқа мерзімді немесе ауруханаішілік өлім-жітім, сондай-ақ цифрлық шешімдерді қолдау модельдерінің көрсеткіштері кірді.

Қауіпсіздік көрсеткіштері

Шолу интервенциялық зерттеу болып табылмайды және қатысушыларға тікелей әсер ету жүргізілген жоқ. Қауіпсіздік пациенттерге қатысты жарияланған нәтижелер — кідірістер, клиникалық нашарлау, қайта жүгіну, бөлімде ұзақ күту, қолайсыз оқиғалар және өлім-жітім — арқылы бағаланды.

Этикалық аспектілер

Жұмыс тек бұрын жарияланған агрегатталған деректерге негізделді, жаңа қатысушылар тартылған жоқ және дербес медициналық ақпарат өңделмеді.

Сондықтан этикалық комитеттің мақұлдауы мен жаңа ақпараттандырылған келісім алу талап етілмеді.

Нәтижелер

Шолу материалдарының жалпы сипаттамасы

Енгізілген 46 жарияланымды талдау жедел медициналық көмек бөлімдерінде triage-дың рөлі мен пациенттердің болу ұзақтығына әсер ететін факторлар туралы заманауи деректерді жүйелеуге мүмкіндік берді. Жұмыстар ретроспективті және проспективті бақылаулық зерттеулерді, ұлттық және көпорталықты талдауларды, жүйелі шолуларды, мета-талдауларды және цифрлық модельдерді валидациялау зерттеулерін қамтыды.

Triage, шамадан тыс жүктелу және пациент ағыны

Шамадан тыс жүктелуді бағалайтын индекстер мен бөлім жұмысын талдау құралдары triage-дың жылдамдығы пациенттер санына ғана емес, төсек-орын қолжетімділігіне, бөлімнің өткізу қабілетіне және пациент ағынының үйлестірілуіне тәуелді екенін көрсетті [14,15]. Болу ұзақтығын басқару жүйелері, жекелеген клиникалық жағдайлардағы нәтижелер және ұлттық деректер пациент пен аурухана сипаттамаларының кідірістер мен өлім-жітіммен байланысын сипаттайды [16–18]. Ресурстар тапшылығы жағдайында triage ең ауыр пациенттерге басымдық беруді қамтамасыз етеді және жүйенің мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді [19]. Шамадан тыс жүктелудің себептері мен оны азайту стратегияларын талдаған шолулар тиімділікті жақсарту үшін кіріс, ішкі үдеріс және шығару кезеңдеріне қатар әсер ету қажеттігін көрсетеді [20,21].

Емдеудің кешігуі, мейіргерлер тап болатын ұйымдастырушылық кедергілер және ұлттық деңгейдегі болу ұзақтығының динамикасы клиникалық шешімнің орындалуы бөлімнің операциялық жағдайына тәуелді екенін көрсетеді [22–24]. Өртүрлі елдердегі зерттеулер мен сапа стандарттары пациент сипаттамалары, медициналық ұйым ресурстары және

маршруттардың ұзақ болумен байланысын растайды [25–27].

Жедел көмек бөлімдерінің шамадан тыс жүктелуі қолайсыз нәтижелердің маңызды маркері болып қала береді. Зерттеулер бөлім жұмысының жеткіліксіз өткізу қабілетін ұзақ болумен, диагностикадағы кідірістермен, персонал қабылдайтын жүктеменің артуымен және медициналық көмек сапасының төмендеуімен байланыстырды [28–30].

Болу ұзақтығына әсер ететін факторлардың негізгі топтары

Жарияланымдарды талдау болу ұзақтығына әсер ететін факторлардың бес тобын анықтауға мүмкіндік берді. Бірінші топқа пациент сипаттамалары жатады: егде жас, жоғары коморбидтілік, ауыр клиникалық жағдай, симптомдардың ұзақтығы және қатар жүретін аурулар [29,30]. Екінші топ уақыттық және экологиялық факторлармен байланысты: түнгі ауысымдар, демалыс және мереке күндері, маусымдық ауытқулар және бөлімнің жалпы жүктемесі [28].

Үшінші топ ұйымдастырушылық сипаттамаларды қамтиды: медициналық ұйым деңгейі, кадрлық қамтамасыз ету, пациенттер мен медицина қызметкерлерінің арақатынасы, консультациялардың кешігуі және төсек-орын қорының қолжетімділігі [29]. Төртінші топ диагностикалық-емдік үдерістермен байланысты: зертханалық және аспаптық зерттеулер көлемі, компьютерлік томография қажеттілігі, нәтижелерді күту және бейінді мамандардың қатысуы [30]. Бесінші топ пациенттің түсу тәсілімен анықталады: жедел жәрдеммен жеткізілген немесе басқа мекемеден ауыстырылған пациенттер жағдайының ауырлығына және кеңейтілген диагностика қажеттілігіне байланысты бөлімде ұзақ болуы мүмкін [29].

Ұзақ болу мәселесін зерттеген жүйелі шолу, ұлттық және бір орталықты талдаулар пациент факторлары мен ұйымдық кедергілердің өзара әрекеттесетінін көрсетті [31–36]. Нәтижелер триаждың кешігуі мен болу ұзақтығының ұлғаюы көпфакторлы сипатта екенін және бір ғана көрсеткішпен түсіндірілмейтінін айқындайды.

Цифрлық шешімдерді қолдау

Адам мен жасанды интеллект бағасын салыстырған зерттеулер үлкен тілдік модельдер мен алгоритмдердің клиникалық шұғылдықты жіктеуге қабілетті екенін, бірақ олардың нәтижелері тапсырмаға, енгізілген деректерге және эталондық бағалауға тәуелді екенін көрсетті [37,38]. Сондықтан оларды автоматты алмастырушы емес, клиникалық шешімді қолдайтын және міндетті түрде валидацияланатын құрал ретінде қарастыру орынды.

Талқылау

Негізгі нәтижелер және интерпретация

Алынған деректер жедел медициналық көмек бөлімдерінің тиімділігі тек пациенттердің клиникалық ауырлығымен ғана емес, жалпы денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымымен анықталатынын көрсетеді. Бөлімнен қарқынды терапия бөліміне ауыстыру уақыты мен нәтижелер арасындағы байланыс аурухана ішіндегі маршруттың триаждан кейін де пациент қауіпсіздігі үшін маңызды екенін көрсетеді [39]. Операциялық тұрғыдан болу ұзақтығы кіріс көлемі, диагностикалық цикл, консультация және төсек-орынға шығару кезеңдерінің жиынтық нәтижесі болып табылады [40].

Шамадан тыс жүктелуді түсіндіруге және алдын ала болжауға арналған түсіндірілетін машиналық оқыту модельдері ресурстарды алдын ала жоспарлауға мүмкіндік беруі мүмкін [41]. Дегенмен модельдің жоғары дискриминациялық көрсеткіші клиникалық пайданың автоматты дәлелі емес: сыртқы валидация, әділдік, деректердің толықтығы, жауапкершілік және жұмыс үдерісіне ықпалы бағалануы тиіс.

Балалар бөлімдеріндегі болу ұзақтығы туралы деректер клиникалық жас тобы мен жергілікті ресурстық жағдайдың нәтижелерге әсерін көрсетеді [42]. Шығарылғаннан кейінгі қайта жүгіну қаупі [43] және бөлімде госпитализацияны күтіп ұзақ қалудың клиникалық нәтижелері [44] болу ұзақтығын тек операциялық көрсеткіш емес, пациент қауіпсіздігімен байланысты

маркер ретінде қарастыру қажеттігін күшейтеді.

Практикалық маңызы

Триажды оңтайландыру стандартталған сұрыптау алгоритмдерін, қызметкерлердің тұрақты даярлығын және клиникалық шешімнен кейінгі маршрутты жеделдетуді қатар қамтуы тиіс. Ауыр пациенттерді жедел көмек бөлімінен қарқынды терапия бөліміне уақтылы ауыстыру [45], төсек-орын ағынын басқару және көпкомпонентті араласулар туралы жинақталған дәлелдер [46] бөлім ішіндегі өзгерістер аурухана деңгейіндегі өткізу қабілетімен үйлескенде ғана тұрақты нәтиже беретінін көрсетеді.

Догоспитальдық және қашықтан триаж стационарға негізсіз тасымалдауды азайтуы мүмкін, бірақ нақты қауіпсіздік критерийлерін, қайта байланысу механизмдерін және сапа аудитін талап етеді. Цифрлық құралдар шешім қабылдауды жылдамдатуға көмектіргенімен, клиникалық жауапкершілік пен күрделі жағдайларды бағалау дайындалған медицина қызметкерінде қалуы тиіс.

Күшті жақтары мен шектеулері

Шолудың күшті жақтарына төрт ақпарат көзін қамту, заманауи жарияланымдарға басымдық беру және клиникалық, уақыттық, ұйымдастырушылық, диагностикалық, маршруттық және технологиялық факторларды бір құрылымда талдау жатады. Сонымен бірге бұл жұмыс жүйелі шолу немесе мета-талдау емес. Хаттама алдын ала тіркелмеген, дерекқорларға арналған толық іздеу жолдары мен іздеу нәтижелерінің барлық кезеңдік сандары бастапқы қолжазбада сақталмаған, ал барлық дизайнерға бірыңғай формалды сапа немесе жүйелік қателік құралы қолданылмаған.

Google Scholar іздеуі толық қайталанымды болмауы мүмкін. Енгізілген зерттеулер популяция, триаж жүйесі, бөлім құрылымы, болу ұзақтығының анықтамасы және нәтижелер бойынша айтарлықтай әртекті болды. Бастапқы зерттеулер мен екінші реттік шолуларды қатар қарастыру дәлелдердің ішінара қайталануына әкелуі

мүмкін. Көптеген жұмыстар бақылаулық болғандықтан, ауырлық, бөлім ресурстары және басқа аралас факторлар анықталған ассоциацияларды түсіндіруі ықтимал. Қазақстан мен Орталық Азияға қатысты деректердің шектеулілігі нәтижелерді жергілікті жүйеге тікелей көшіруге мүмкіндік бермейді.

Осы шектеулерді ескере отырып, нәтижелер нақты бір триаж шкаласының артықшылығын дәлелдемейді және себеп-салдарлық қорытынды жасауға арналмаған. Олар бөлім жұмысын бағалау үшін клиникалық шұғылдықпен қатар күту уақыты, консультация мен зерттеу кідірісі, төсекке орналастыру, қайта жүгіну және қауіпсіздік нәтижелерін бірлесіп бақылау қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды

Қазіргі әдеби деректерді талдау триаждың жедел медициналық көмекті ұйымдастырудың негізгі элементі және пациент қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құралы екенін көрсетеді. Сұрыптау тиімділігі диагностика уақтылығымен, пациенттерді маршрутизациялаумен және клиникалық нәтижелермен байланысты.

